

Ашық / жария

**«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да банк операцияларын
жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар**

Мазмұны

1-бөлім.	Жалпы ережелер	3
2-бөлім.	Банктік шоттарды ашу мен жүргізудің, депозиттерді қабылдаудың жалпы шарттары	6
3-бөлім.	Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы шарттары	7
4-бөлім.	Клиенттерге операциялық қызмет көрсетудің және төлем карточкаларын пайдалану операцияларының жалпы шарттары	9
5-бөлім.	Өзге операцияларды жүргізудің жалпы шарттары	10
6-бөлім.	Банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары.....	11
7-бөлім.	Банк пен клиенттердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.....	12
8-бөлім.	Клиенттермен жұмыс тәртібі туралы ереже.....	14
9-бөлім.	Банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі ..	16
10-бөлім.	Қорытынды ережелер.....	18
№ 1 Қосымша.....	Error! Bookmark not defined.	
№ 2 Қосымша.....		21
№ 3 Қосымша.....		23
№ 4 Қосымша.....		49

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда (бұдан әрі - Қағидалар) мынадай қысқартулар мен ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) **Банк** - «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ;
 - 2) **банк операциялары** - ҚР заңнамасында көзделген және уәкілетті орган Банкке берген лицензияда көрсетілген операциялар;
 - 3) **банктік қызметтер** - банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - банк), Банктер туралы Заңның 30-бабында белгіленген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруы;
 - 4) **Салым** – Банктегі жинақ шотына клиенттен немесе үшінші тұлғадан клиенттің пайдасына бастапқыда жинақ шотына орналастырылған сома ретінде түскен ақша, оның ішінде, егер өтініште өзгеше көзделмесе, қосымша орналастырылған жарналар мен капиталдандырылған сыйақы сомасы;
 - 5) **ЖТСМ** - ҚР заңнамасына сәйкес есептелетін, Банк көрсететін қызметтер үшін нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі (нақты құнның) жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
 - 6) **Клиент** – банктік қызметтердің тұтынушысы болып табылатын не банктік қызметтерді пайдалануды көздейтін жеке немесе заңды тұлға;
 - 7) **Банк Лицензиясы** - уәкілетті органдар Банкке ҚР заңнамасында көзделген қызметтің жекелеген түрлеріне берген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензия;
 - 8) **Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар** - ҚР заңнамасына сәйкес Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар ретінде айқындалған тұлғалар;
 - 9) **Қамтамасыз ету** – ҚР қолданыстағы заңнамасымен кепілге беруге тыйым салынбаған, Банктің талаптарына сәйкес келетін кез келген мүлік, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтар (талаптар);
 - 10) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;
 - 11) **Уәкілетті орган** – Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;
 - 12) **FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act)** – АҚШ-тың Федералды Заңы, АҚШ субъектілерін, соның ішінде белгілі бір критерийлері бар АҚШ-тан тыс жерлерде тұратындарды өздерінің шетелдік қаржылық шоттары туралы есеп беруге міндеттейді, сондай-ақ шетелдік қаржы институттарын АҚШ-тың ішкі кірістер қызметіне АҚШ субъектілері болып табылатын клиенттері туралы есеп беруге міндеттейді.
2. Қағидалар ҚР заңнамасының талаптары негізінде және сол талаптарға сәйкес әзірленген, оның ішінде ҚР Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы Заң), «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Дербес деректер туралы Заң), «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ Заңына (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысымен бекітілген, Банктік қызметтерді көрсету, ақпаратты жария ету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларына (бұдан әрі – Банктік қызметтерді көрсету қағидалары), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына, Банктің Жарғысына, сондай-ақ Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, банктік заңнамада және Банктің Лицензиясында көзделген Банктің операцияларын жүргізу тәртібін регламенттеу мақсатында әзірленген.
3. Қағидалар келесіге жалпы талаптарды белгілейді:
 - 1) қабылданатын депозиттер мен берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдеріне;

- 2) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларына;
 - 3) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы төлеу шарттарына;
 - 4) Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге;
 - 5) банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамаларына;
 - 6) Банктің және оның клиентінің құқықтары мен міндеттеріне, олардың жауапкершілігіне;
 - 7) банк қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдеріне;
 - 8) банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібіне;
 - 9) клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ережеге;
 - 10) Банктің Директорлар кеңесі Қағидаларға енгізу қажет деп санайтын өзге де шарттарға, талаптар мен шектеулерге.
4. Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысанасы бола алмайды. Банк Қағидаларды өзінің корпоративтік интернет-ресурсында орналастырады және клиенттердің алғашқы талап етуі бойынша олармен танысу үшін ұсынады.
 5. Банк уәкілетті орган берген лицензия негізінде ұлттық және (немесе) шетел валютасындағы операцияларды жүзеге асырады.
 6. Лицензия негізінде Банк жүзеге асыратын операциялардан басқа, Банк Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.
 7. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚІК) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚІК туралы заңнамасының талаптарын, оның ішінде 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, уәкілетті органдардың талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтайды.
 8. Банк клиентпен іскерлік қатынастарды орнатқанға дейін клиенттерге, олардың өкілдеріне тиісті тексеру жүргізу, оның ішінде бенефициарлық меншік иелерін анықтау (сәйкестендіру) жөнінде шаралар қабылдайды.
 9. Клиенттерді, олардың өкілдерін және бенефициарлық меншік иелерін тиісті түрде тексеру мақсатында Банк төмендегі жағдайларда клиенттерден (олардың өкілдерінен) және бенефициарлық меншік иелерінен кез келген мәліметтер мен құжаттарды талап етуге құқылы:
 - 1) клиентпен іскерлік қатынастарды белгілеу кезінде;
 - 2) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды, оның ішінде күмәнді операцияларды жүзеге асыру кезінде;
 - 3) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің дұрыстығына күмән туындаған жағдайда;
 - 4) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту кезінде.
 10. Қағидаларда банкаралық нарықта жүзеге асырылатын депозиттік және қарыздық операцияларды қоспағанда, Банктің операцияларды жүргізуінің жалпы (стандартты) шарттары белгіленеді. Банктің банктік операциялардың әртүрлі түрлері мен банктік өнімдер бойынша операцияларды жүргізуінің нақты шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, сондай-ақ клиенттермен жасалатын нақты шарттарда айқындалады.
 11. Банк банктік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 «Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасындағы бейрезидент банктердің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысының талаптарын қоса алғанда, клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта Банк кепіл береді:

- 1) шарт жасалғанға дейін клиентке банктік қызметтердің шарттары туралы толық, өзекті және шынайы ақпаратты, оның ішінде сыйақы мөлшерлемелері, тарифтер, комиссиялар, ЖТСМ, оларды өзгерту тәртібі мен шарттары, сондай-ақ байланысты тәуекелдер туралы мәліметтерді ұсыну;
 - 2) банктік қызметтер шарттары бойынша түсіндірмелердің қолжетімділігі мен түсініктілігін, оның ішінде төлемдердің қалыптасу тәртібін, төлемдер мөлшерін, төлеу мерзімдерін және міндеттемелерді орындамаудың салдарын қамтамасыз ету;
 - 3) клиенттің шарт жобасымен және өзге де құжаттармен оларды қол қойғанға дейін алдын ала, уақыт бойынша шектеусіз және Банктің тарапынан қысым көрсетілмей танысу құқығы;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылмайтын қызметтер мен өнімдерді күштеп таңуға жол бермеу;
 - 5) клиенттердің өтініштерін тіркеу, қарау және талдау тәртібін белгіленген тәртіпте қамтамасыз ету, заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген мерзімдерде дәлелді жауап беру, сондай-ақ клиентті уәкілетті мемлекеттік органға жүгіну құқығы туралы хабардар ету;
 - 6) кемсітпеушілік қағидатын және клиенттердің банктік қызметтерге тең қолжетімділігін сақтау.
12. Банктің клиенттермен қатынастары адалдық, шынайылық, кәсібилік, өзара сенім және өзара құрмет қағидаттарына негізделеді.
 13. Банкпен іскерлік қатынастарға түсе отырып не оларды жалғастыра отырып, клиент осы Қағидалардың шарттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және жасалған шарттардың талаптарында белгіленген тәртіппен Банк енгізетін оларға өзгерістер мен толықтырулармен келісетінін растайды.
 14. Банк алдын ала (немесе іскерлік қатынастарды қолдау процесінде) сұрау салу жүргізеді, бұл ретте клиент (клиент пен Банк арасында жасалған және (немесе) жасалуы мүмкін кез келген мәмілелерге/операцияларға қатысы бар және (немесе) қатысы болуы мүмкін тұлғалар, өзге де субъектілер) дербес деректерді жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.
 15. Клиенттің немесе өзге субъектінің Банкке жүгінуі кезінде (оның ішінде клиенттің өтінімін қарау, кез келген мәмілелерді жасасу және операцияларды жүргізу барысында, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғалармен, заңды өкілдермен, гарантпен, кепілгерлермен, кепіл берушілермен, (қоса) қарыз алушылармен, сақтандырушылармен және осындай мәмілелерге/операцияларға байланысты өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде) Банктің банктік және (немесе) өзге де қызметтер көрсетуінің, операциялар жүргізуінің және (немесе) әрекеттер орындауының міндетті талабы тиісті тұлғалардың Банктің дербес деректерді жинауына және өңдеуіне келісім беруі болып табылады.
 16. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім Банктің сұрау салуы бойынша беріледі және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның Құпия ақпарат туралы ережесінде белгіленген тәртіп пен мерзімдерде дербес деректердің әрбір субъектісімен ұсынылуға жатады.
 17. Келісім Банкке ұсынылуы мүмкін, соның ішінде:
 - 1) қағаз тасымалдағышта, клиенттің (дербес деректердің өзге субъектісінің) тиісті құжаттарға қол қоюы арқылы;
 - 2) клиенттің (өзге субъектінің) Банк тиісті операция бойынша құжаттарға (өтініштерге, сауалнамаларға және өзге де құжаттарға) енгізген стандартты келісім мәтінінің астына өз қолымен қол қоюы арқылы;
 - 3) электрондық нысанда, дербес деректер субъектісін сәйкестендіру құралдарын пайдалану арқылы (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бір реттік парольдер, электрондық-цифрлық қолтаңба, электрондық қызмет көрсету арналары арқылы растау), егер мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілсе және Банктің ішкі құжаттарында көзделсе;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да клиенттердің дербес деректерін жинау және өңдеу тәртібімен белгіленген өзге де тәртіпте.

2-бөлім. Банктік шоттарды ашу мен жүргізудің, депозиттерді қабылдаудың жалпы шарттары

18. Банк келесі банктік шоттарды ашады және жүргізеді:
 - 1) банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары;
 - 2) заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын шоттар);
 - 3) заңды және жеке тұлғалардың жинақ шоттары (салымдары).
19. Заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу Банк бекіткен шарттардың үлгілік нысандары негізінде жүзеге асырылады.

Шот ашу кезінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттар пакетін клиенттен талап етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей белгіленген жағдайларда Банк шоттың ашылғаны және жабылғаны туралы салық органдарына хабарлайды.

Заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттары клиенттің таңдауы бойынша ұлттық валютада (теңге), АҚШ долларында, еуроға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де валюталарда ашылуы мүмкін.

Банкте заңды және жеке тұлғалар ашатын банктік шоттардың саны шектелмейді.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар банктік шоттарды жеке тұлғаның шоты режимінде ашады.
20. Жинақ шоттары салымдарды орналастыруға арналған. Банктің салымдары – клиенттердің әртүрлі санаттарына өз атына не үшінші тұлғаның пайдасына белгілі бір шарттарда Банкте ақшаны сақтауға немесе жинақтауға мүмкіндік беретін, клиенттің оларды сақтауына, жинақтауына және салым бойынша сыйақы түрінде табыс алуына деген қажеттіліктеріне байланысты ұсынылатын өнімдер кешені болып табылады. Банктің ұсынатын салымдары мерзімді және шартты болып бөлінеді.
21. Салымдар бойынша өнімдер үш негізгі топқа бөлінеді:
 - 1) Банкте салымдарға орналастыруға уақытша бос қаражаты бар заңды тұлғаларға ұсынылатын өнімдер;
 - 2) ҚР аумағында қызметі ҚР заңнамасын орындау мақсатында арнайы салымдарды орналастыруды көздейтін клиенттерге ұсынылатын өнімдер;
 - 3) Жеке тұлғаларға ұсынылатын өнімдер.
22. Салым қабылдау кезінде Банк пен клиент арасында банктік салым шарты жасалады, онда салымды қабылдау мен беруінің барлық шарттары көрсетіледі. Банктік салым шартында көзделген салымның сомасы мен мерзімі Банктің тиісті салым түрі үшін белгілеген ең төменгі салым сомасы мен мерзімінен кем болмауға тиіс.
23. Бейрезидент жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша, сыйақыны есептеу немесе төлеу күні қолданыста болатын нормаларға сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықпен салынады (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салымдары бойынша сыйақысы төлем көзінен ұсталатын табыс салығымен салық салуға жатпайтын заңды тұлғаларды қоспағанда). Бұл ретте, Клиент жүгінген жағдайда, Банк оған салық органдарымен кейінгі есеп айырысуы үшін төлем көзінен ұсталған табыс салығы туралы тиісті анықтама береді. Резидент жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы төлем көзінен ұсталатын салықпен салық салынбайды.

Салымдар бойынша сыйақыны салық салу төлеу күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Банк Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда және тәртіппен салық агентінің міндеттерін орындайды.
24. Жеке тұлғалар Банкте орналастырған салымдар және ағымдағы шоттардағы қалдықтар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті түрде кепілдендіру туралы» Заңында, сондай-ақ «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (КДКБК) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті кепілдендіру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

25. Заңды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақыны есептеу үшін шартты жыл 360 күнге тең деп қабылданады және салымды орналастырудың нақты күндер саны есепке алынады. Бұл ретте қосымша жарналарды енгізу және олардың бір бөлігін алу (егер мұндай жағдайлар болған болса) ескеріле отырып, салымның жинақ шотында нақты болған мерзімі назарға алынады.

Салым бойынша сыйақы салым шарттарына байланысты біржолғы тәртіппен (салымды қайтару кезінде) немесе белгілі бір мерзімділікпен (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын және т.б.) Банктегі салымшының ағымдағы шотына есепке жазу арқылы немесе жинақ шотына салымға есепке жазу арқылы (капиталдандыру жолымен) төленеді.

Салым мерзімі ішінде ол бойынша сыйақы мөлшерлемесін Банк өзгерте алады:

- 1) салымды немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын талап етіп алу кезінде (егер салымның бөліктерін алу тиісті салым бойынша жол берілсе) – салым шартында бекітілген салым шарттарын ескере отырып, Банктің уәкілетті органы осындай талап ету күніне бекіткен мөлшерлеме бойынша. Бұл ретте, егер салым шартында өзгеше көзделмесе, осындай өзгертілген сыйақы мөлшерлемесі бойынша салымға есептелетін сыйақы салымды орналастырудың бүкіл кезеңі үшін қайта есептелуі мүмкін;
- 2) банктік салым шартының қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда – осындай ұзарту жасалған күнге Банктің уәкілетті органы тиісті түрдегі салымдар үшін (тиісті мерзімі мен валютасын ескере отырып) бекіткен мөлшерлеме бойынша;
- 3) салым бойынша белгіленген сыйақы мөлшерінің шамасы тәуелді болатын шарттардың мәндері өзгерген кезде – осындай шарттардың жаңа мәндерінен және банктік салым шартының талаптарынан туындайтын мөлшерлеме бойынша. Мұндай өзгерістер қосымша келісім жасасу арқылы енгізіледі.

Салым банктік салым шартының қолданылу кезеңінде кез келген уақытта, банктік салым шартын шартта айқындалған талаптар мен тәртіпте бұзу арқылы талап етілуі мүмкін.

Қағидалардың осы тармағында белгіленген сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары жеке талаптарда жасалатын шарттар жасасу кезінде, сондай-ақ Банк ұсынатын стандартты емес өнімдер шеңберінде өзгеше болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сыйақыны төлеудің тәртібі мен шарттары салымшылармен жасалатын банктік салым шарттарында айқындалады.

Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру қорының шекті мөлшерлемелерін, депозиттер нарығындағы мөлшерлемелер деңгейін, банкаралық ресурстардың құнын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады. Салымдар бойынша нақты шарттар салымның түрі мен валютасына, сыйақыны төлеу кезеңділігіне, оны орналастыру мерзіміне және жеке өнімдер бойынша өзге де параметрлерге байланысты, осы Қағидаларға № 1 қосымшада (банкаралық депозиттерді қоспағанда) белгіленген депозиттердің қабылданатын шекті сомалары мен мерзімдері, сондай-ақ депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары жөніндегі Директорлар кеңесі бекіткен шарттар шегінде Банктің уәкілетті органы арқылы бекітіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері (номиналдық және ЖТСМ) банктік салым шартында (егер қандай да бір себептер бойынша шартта ЖТСМ көрсету мүмкін болмаған жағдайда немесе қосымша келісім салым бойынша сыйақы мөлшерін айқындайтын болса, банктік салым шартына жасалатын қосымша келісімде) көрсетіледі.

3-бөлім. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы шарттары

27. Банктің кредиттік қызметі ашықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, халықаралық стандарттарға сәйкестік және шешімдер қабылдаудың алқалылығы қағидаттарына негізделеді.

28. Қарыздар (кредиттер) Банкпен заңды және жеке тұлғаларға мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық және қамтамасыз етілу шарттарында ұсынылады және Банктің уәкілетті органдары бекітетін Банктің ішкі кредиттік және кепілдік саясаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- Клиенттің кредит беру туралы өтінімін қарау кезінде және шарт жасасу барысында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттар пакетін клиенттен талап етеді.
- Қарыз беру туралы шартты жасасудың міндетті шарты қарыз алушының өзі туралы және жасалатын мәміле (қарыз операциясы) жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюролардың дерекқорына Банк тарапынан ұсынуға жазбаша келісімінің болуы болып табылады.
27. Банк банктік қарыздар (кредиттер) бермейді:
- 1) кредиттік есепте қарыздар алудан ерікті түрде бас тартқаны көрсетілген жағдайда жеке тұлғаларға;
 - 2) кредиттік есепте тиісті ақпарат болған жағдайда мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңінде мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне;
 - 3) уәкілетті орган белгілейтін тізбеге сәйкес офшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға.
- Жеке тұлға кредиттік бюролар және электрондық үкімет сервистері арқылы банктік қарыздар алудан ерікті түрде бас тартуды тегін белгілеуге не алып тастауға құқылы.
30. Банктік қарыз беру туралы шешім қабылданғанға дейін Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 248 «Банктік қарыз шартын жасасу тәртібін, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, қарызды өтеу кестесінің және қарыз алушы – жеке тұлғаға арналған жадынаманың нысандарын бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19774 болып тіркелген қаулысында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.
31. Банктік қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген міндетті шарттарды қамтиды.
32. Банк беретін қарыздар (кредиттер) бойынша қамтамасыз ету ретінде Банк үшін қолайлы кез келген мүлікке кепіл (кепілзат) қабылдануы мүмкін, оның ішінде ақша қаражаты, бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары, жылжымалы және жылжымайтын мүлік, мүліктік және өзге де құқықтар (талаптар), үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктері, тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қарыздардың (кредиттердің) қайтарымдылығын қамтамасыз етудің Банк үшін қолайлы өзге де тәсілдері қабылдануы мүмкін.
- Клиенттің жоғары кредит қабілеттілігі мен сенімділігі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Банк қамтамасыз етусіз кредит (бланктік кредит) беру туралы шешім қабылдауға құқылы. Қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар Банктің кепілдік/кредиттік саясатымен белгіленеді. Әрбір нақты жағдайда ұсынылатын қамтамасыз етудің Банк үшін қолайлылығы туралы шешімді Банктің уәкілетті органы қабылдайды.
33. Қарыз алушы міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда кепіл нысаналарын азайту және (немесе) ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі кепілдік саясатымен айқындалады. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және мерзімдерде Банк Қарыз алушының, Кепіл берушінің кепілмен қамтамасыз етуді азайту немесе оны ауыстыру туралы өтінішін қарайды және Банктің кепілдік саясатының және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.
34. Қарыздар (кредиттер) бойынша өнімдер үш негізгі топқа бөлінеді:
- 1) кәсіпкерлік қызмет үшін корпоративтік бизнеске ұсынылатын өнімдер;
 - 2) кәсіпкерлік қызмет үшін шағын және орта бизнеске ұсынылатын өнімдер;
 - 3) жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсаттарға ұсынылатын бөлшек сауда өнімдері (ипотекалық қарыздар, төлем карточкалары бойынша кредиттік лимиттер және т. б.).

35. Жеке кәсіпкерлер бизнеске арналған өнімдер шеңберінде кредиттер алуға құқылы. Жеке кәсіпкердің жеке тұлға ретінде тұтынушылық кредиттер алуы кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мақсаттар үшін ғана жол беріледі.
36. Банктік қарыз операцияларынан басқа, Банк Лицензияға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кредиттік тәуекелі бар өзге де операцияларды жүзеге асыруға құқылы, оның ішінде: аккредитивтер ашу (ұсыну) және оларды растау, сондай-ақ олар бойынша міндеттемелерді орындау; ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдіктер беру; құжаттамалық инкассо бойынша операцияларды (экспорттық/импорттық мәмілелер бойынша) жүргізу; үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілгерліктерді және өзге де міндеттемелерді беру. Банк сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз алушылар кепілге қойған мүлікті іске асыруды жүзеге асыруға құқылы.
37. Қарыздарды (кредиттерді) пайдаланғаны үшін сыйақы алынады. Қарыздарды (кредиттерді) және (немесе) төлем карточкасына белгіленген кредиттік лимитті пайдаланғаны үшін сыйақы жылына 360 күн есебінен және кредит сомасын пайдаланудың нақты күндер санына қарай есептеледі. Қағидалардың осы тармағында белгіленген сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары жеке талаптарда шарттар жасалған кезде, сондай-ақ Банк ұсынатын стандартты емес өнімдер шеңберінде өзгеше болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сыйақыны төлеудің тәртібі мен шарттары жасалатын шарттармен айқындалады.
38. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк тартылған ресурстардың құнын, кредиттік нарықтағы мөлшерлемелер деңгейін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады. Сыйақының нақты мөлшерлемелері Банктің уәкілетті органдарының шешімі бойынша кредиттің валютасына, сомасына және мерзіміне, қамтамасыз етудің сапасына, клиенттің мәртебесі мен кредиттік тарихына және өзге де факторларға байланысты, кредиттеу шарттарына сәйкес, Директорлар кеңесі бекіткен берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері, сондай-ақ осы Қағидаларға № 2 қосымшада (банкаралық кредиттерді қоспағанда) белгіленген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары шегінде банктік қарыз шарттарында белгіленеді. Қарыздар (кредиттер) беруге байланысты қызметтер үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖТСМ есептеу кезінде ескеруге жататын (егер мұндай төлемдер (комиссиялар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖТСМ есептеу кезінде ескеруге жататын болса) және банктік қарыз шарттарында көрсетілетін өзге де төлемдерді (комиссияларды) белгілеуге және алуға құқылы.

4-бөлім. Клиенттерге операциялық қызмет көрсетудің және төлем карточкаларын пайдалану операцияларының жалпы шарттары

39. Банк лицензияға, ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес мыналарды жүзеге асыруға құқылы:
- 1) кассалық операциялар (қолма-қол ақшаны қабылдау және беру, оның ішінде оларды ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, қаптау және сақтау);
 - 2) аударым операциялары (жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі тапсырмаларын орындау);
 - 3) шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - 4) төлем карточкаларын және чек кітапшаларын шығару, өткізу және тарату.
40. Банктің операциялық күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.. Клиенттердің төлемдері бойынша операциялық уақыт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Кассаның жұмыс істеу операциялық уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін.

Операциялық күннің уақыты Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының актілері негізінде (оның ішінде уәкілетті органның, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау саласындағы органдардың және тиісті өкілеттіктер берілген өзге де органдардың), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары сақталған жағдайда Банктің ішкі нормативтік құжаттары негізінде өзгертілуі мүмкін.

41. Төлемдер мен ақша аударымдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, заңды және жеке тұлғалармен банктік шоттарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Халықаралық төлемдер мен ақша аударымдары Банкпен халықаралық банктік тәжірибеде қолданылатын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда, тәсілдермен және тәртіппен жүзеге асырылады. Банк төлем құжаттарының қолдан жасалғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, оларды есепке алудың қате екендігі фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банкпен жасалған шарттық қатынастарда көзделген жағдайларда клиенттердің (депозитор) шоттарынан олардың келісімінсіз ақша қаражатын алып қоюға құқылы.
42. Қолма-қол және қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сату/сатып алу Банк белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.
43. Банк Банктің ішкі құжаттарымен айқындалатын валютада халықаралық төлем жүйелерінің (оның ішінде VISA) төлем карточкаларын шығарады және таратады.
Банк клиенттерге ұсынады:
 - 1) төлем карточкасы ұстаушысының шотындағы қалдық шегінде ақша қаражатын жұмсауды көздейтін дебеттік төлем карточкалары;
 - 2) заңды тұлға қызметкерлерінің жалақысын қызметкерлердің шоттарына есепке жазуды көздейтін Банктің жалақы жобаларына қатысу.
44. Бір клиентке шығарылатын төлем карточкаларының саны Банктің ішкі құжаттарында АЖ/ТҚҚІК талаптарын ескере отырып өзгеше көзделмеген жағдайда 5 (бес) данадан аспауға тиіс. Бір шотқа клиент Банктің ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, төлем карточкасының бір түрін ғана шығара алады. Әртүрлі жеке тұлғаларға қосымша төлем карточкалары берілген кезде қосымша төлем карточкасының ұстаушысы мен клиент арасындағы өзара қатынастар, егер төлем карточкасын беру туралы шартта өзгеше белгіленбесе, клиентпен айқындалады.
45. Клиенттерге шығарылатын төлем карточкаларының қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, Банктің өзі тарапынан белгіленеді.
46. Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар Банкпен Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңына, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, тиісті төлем жүйелерінің қағидаларына және клиентпен жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады.
47. Осы бөлімде көрсетілген операцияларды Банктің жүзеге асыруының нақты шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және (немесе) клиенттермен жасалатын нақты шарттарда белгіленеді.

5-бөлім. Өзге операцияларды өткізудің жалпы шарттары

48. Жоғарыда көрсетілген операциялардан басқа, Банк лицензияға, ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес басқа операцияларды жүзеге асыруға құқылы:
 - 1) сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін (ұяшықтарын) жалға беру;
 - 2) қарыз алушылардың өз және кепілге қойған мүлкін өткізуді.
49. Осы бөлімде көрсетілген операцияларды Банктің жүзеге асыруының нақты шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, сондай-ақ клиенттермен жасалатын нақты шарттарда белгіленеді.

6-бөлім. Банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары

50. Операцияларды жүргізгені үшін Банк клиенттерден Банктің өзі дербес белгілейтін қолданыстағы тарифтеріне сәйкес комиссиялар мен сыйақыларды алады.
51. Банктік операцияларды жүргізуге арналған комиссиялар мен тарифтердің ең төменгі және ең жоғары мөлшерлемелері (№ 3, 4 қосымшалар), сондай-ақ депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің, сомалары мен мерзімдерінің шекті шамалары (№ 1, 2 қосымшалар) Директорлар кеңесімен бекітіледі. Оларды өзгерту де Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады және Банктің өзге органдарына берілмейді.
52. Банктік операцияларды жүргізуге арналған базалық (стандартты) тарифтер мен мөлшерлемелер Банктің Басқармасымен (Банктің Директорлар кеңесі бекіткен тарифтер/мөлшерлемелердің ең төменгі және ең жоғары шамалары шегінде) бекітіледі және оларды қайта қарау қажеттілігі туындауына қарай қайта қаралады. Бұл ретте, банктік операцияларды жүргізуге арналған базалық тарифтер мен мөлшерлемелер банктік операцияларды жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелер белгіленбеген жағдайларда қолдану үшін белгіленеді. Депозиттер мен кредиттер бойынша тарифтер мен сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары (Директорлар кеңесі бекіткен төменгі және жоғарғы шектер) шегінде Банктің уәкілетті органдары немесе лауазымды адамы (адамдары) өз құзыреті шегінде Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларды қоспағанда, жекелеген клиенттерге/клиенттер тобына және (немесе) жекелеген өнімдер бойынша депозиттер мен кредиттерге арналған жеке тарифтерді, сыйақы мөлшерлемелерін белгілеуі мүмкін.
53. Банк Банктің үй-жайларында, көруге және танысуға қолжетімді орындарда, сондай-ақ өзінің корпоративтік интернет-ресурсында банктік қызметтер үшін қолданылатын базалық ең жоғары және ең төменгі мөлшерлемелер мен тарифтер туралы өзекті ақпаратты, оның ішінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша тарифтерді, қолданыстағы базалық ең жоғары және ең төменгі мөлшерлемелер мен тарифтердің бекітілген және өзгерістер енгізілген күндері туралы мәліметтерді, ішкі құжаттардың нөмірлерін және оларды бекіткен (қабылдаған) органды көрсете отырып, осы Қағидалардың Қорытынды ережелерінде баяндалған шарттарды ескере отырып орналастырады.
54. Банк клиенттермен жасалатын шарттарда, сондай-ақ қарыздар мен салымдар бойынша (банкаралықты қоспағанда) сыйақы мөлшерлері туралы ақпаратты тарату кезінде, оның ішінде оларды жариялау барысында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі айқындаған тәртіп пен шарттарға сәйкес, сыйақы мөлшерлемелерін шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есепте (нақты құнын) көрсетеді. Сыйақы мөлшері және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі әрбір банктік қарыз және салым түрі бойынша белгіленген жоғарғы және төменгі диапазонды ескере отырып көрсетіледі.
55. Банк өзінің корпоративтік интернет-ресурсында Банктің ішкі қағидаларына сәйкес дифференциалды және аннуитеттік төлемдер әдістерін, сондай-ақ қарызды өтеудің қосымша әдістерін пайдалана отырып, банктік қарыз бойынша ай сайынғы төлемдерді есептеуге арналған калькуляторды орналастырады.
56. Шетел валютасындағы шарттар мен операциялар бойынша комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері үшін клиенттің таңдауы бойынша теңгемен де, шетел валютасымен де (Банктің шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша, айырбастау үшін комиссия алынбай) жүзеге асырылады.
57. Байланысқа, поштаға, телефонға және өзге де шығыстарға байланысты барлық шығыстар, егер тарифтерде өзгеше белгіленбесе, нақты құны бойынша қосымша алынады. Клиенттердің шетел валютасындағы банктік операцияларды жүргізу жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін үшінші тұлғаларға Банктің жұмсаған шығыстары (OUR комиссиясы) осындай шығыстардың нақты құны бойынша өтеледі..
58. Клиенттің тапсырмасын орындау бойынша Банктің көрсететін қызметтерінің құны тарифтерде айқындалмаған жағдайда немесе клиенттің тапсырмасы Банктің стандартты рәсімдерінде көзделмеген стандартты емес міндеттемелерді қабылдауды не қосымша жұмыстарды жүргізуді талап еткен кезде, Банк клиенттің тапсырмасын орындауға

жұмсалған өз шығындарын негізге ала отырып, комиссиялық сыйақының мөлшерін дербес айқындайды.

59. Банктің шарттары мен операциялары бойынша комиссияларды, сыйақыларды және өзге де төлемдерді салық салу операция жасалған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Қосылған құн салығымен (ҚҚС) салық салуға жататын Банктің қызметтері Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мөлшерлеме мен тәртіп бойынша салық салынады.
60. Клиенттің нұсқаулары (шарттары) өзгертілген немесе тапсырмасы жойылған (қайтарып алынған) жағдайда Банктің өндіріп алған комиссиясы клиентке қайтарылмайды.

7-бөлім. Банктің және клиенттердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

61. Банк және оның клиенттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банк пен клиент арасында жасалған шарттарға сәйкес құқықтарға ие болады, міндеттер атқарады және жауаптылықта болады.
62. (а) Банк тарапынан және клиент тарапынан қол қойылатын шарттар және (б) қосылу шарттары – операцияларды жүргізу, қызметтер көрсету, тараптардың құқықтық қатынастарының шарттары ажыратылады, оларды клиент тиісті өтінішке қол қою арқылы толық көлемде мақұлдайды және оларға қосылады. Банк пен клиент тарапынан қол қойылатын шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар, егер тиісті шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша ғана енгізіледі. Қосылу шарттарына өзгерістер мен толықтырулар Банк тарапынан біржақты тәртіппен енгізіледі. Клиент қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, болашақта қосылу шартына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, қосылу шартының жаңа редакциясы клиенттердің танысуы үшін Банктің орталық кеңсесінде (көруге және танысуға қолжетімді жерде) және (немесе) Банктің корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда, клиент тиісті қосылу шартында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде Банкке тиісті өтініш беру арқылы шартты бұзуға құқылы.
63. Банк пен клиенттер шарттардың талаптарын сақтауға, шарттардың талаптарымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға міндетті.
64. Шарттарда көзделген міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау үшін Банк пен клиенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті шарттардың талаптарында көзделген жауаптылықта болады. Шарттарда тараптардың жауаптылығын алып тастайтын немесе шектейтін шарттар көзделуі мүмкін, мысалы, еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор), кінәнің болмауы, шарттың қарсы тарапының тиісінше емес әрекеттері және т.б.
65. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті шарттар ұсынуға Банкте тыйым салынады. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле мұндай мәмілелердің үлгілік шарттары Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген жағдайларды қоспағанда, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жасалуы мүмкін.
66. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ АЖ/ТҚҚІҚ-ға, ақшаны заңсыз қолма-қол ақшаға айналдыруға және құқыққа қарсы қызметті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті. Көрсетілген талаптарды орындау мақсатында Банк құқылы:
 - 1) Банктің негізделген пікірінше банктік қызметтер көрсету үшін қажетті болып табылатын құжаттарды және (немесе) ақпаратты клиенттен сұратуға, оның ішінде операцияны орындау үшін талап етілген жағдайда мұндай мәліметтерді үшінші

- тұлғаларға (банктер-корреспонденттерді және қаржылық мониторинг субъектілерін қоса алғанда) беруге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық стандарттардың, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарының және Банктің ішкі рәсімдерінің талаптарынан туындайтын клиенттердің операциялары бойынша шектеулерді, тыйымдарды және арнайы шарттарды енгізуге.
67. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) жасалған шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіппен құқылы:
- 1) банктік қызметтер көрсету үшін сыйақы мөлшерлемелерін және тарифтерді белгілеуге;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шартта тікелей көзделген жағдайларда (оның ішінде қате есепке жазу, клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындау) клиенттердің шоттарынан олардың келісімінсіз ақша қаражатын есептен шығаруға;
 - 3) кепіл шартында тиісті талап көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары сақталған жағдайда кепілге қойылған мүлікті соттан тыс тәртіппен іске асыруға;
 - 4) бұрын жасалған шарттардың талаптарын бұзуға жол берген қарыз алушыларға жаңа кредиттік өнімдерді ұсынудан бас тартуға;
 - 5) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге, оның ішінде берешекті өндіріп алу, кепіл нысанына өндіріп алу қолдану туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда талаптар қоюға;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органдардың актілерінде немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген негіздер болған кезде банктік операцияны жүргізуден бас тартуға не оны тоқтата тұруға.
68. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, іскерлік қатынастарға кіруден бас тартуға, банктік қызмет көрсету шартын тоқтатуға, операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға не оларды жүргізуден бас тартуға құқылы:
- 1) АЖ/ТҚКҚ, төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнаманың талаптарымен;
 - 2) халықаралық ұйымдармен, Банктің операцияларына қолданылатын юрисдикциясы бар шетел мемлекеттерімен белгіленген санкциялардың, шектеулердің немесе талаптардың болуымен, сондай-ақ Банктің қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасымен;
 - 3) клиенттің, оның өкілдерінің немесе бенефициарлық меншік иелерінің сәйкестендірілуі және тиісінше тексерілуі үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбауымен;
 - 4) алаяқтықтың, экстремистік немесе террористік қызметті қаржыландырудың белгілерін, не қаржылық (инвестициялық) пирамидалар қызметіне қатысуды анықтаумен, сондай-ақ заңсыз есірткі заттарын өндірумен, айналымымен және (немесе) транзитімен байланысты белгілердің, электрондық казино мен интернет-казиноның, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құмар ойындар бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру белгілерінің болуымен.
- Көрсетілген жағдайларда Банк операцияны жүргізуден заңды түрде бас тарту не іскерлік қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған клиенттің шығындары үшін жауап бермейді.
69. Банк клиенттің дербес деректерінің заңсыз таратылғаны анықталған жағдайда, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қосымша қауіпсіздік шараларын іске асырады:
- 1) клиенттің биометриялық сәйкестендіруін қайта жүргізу;
 - 2) клиенттің абоненттік нөмірінің оған тиесілігін мобильді байланыс операторының деректер базасында клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін абоненттік нөмір иесінің жеке сәйкестендіру нөмірімен салыстыру арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы клиенттердің ұялы телефон нөмірлері базасында клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін салыстыру жолымен аталған абоненттік нөмірдің клиентке тиесілі екендігі туралы ақпарат алу арқылы тексеру;

- 3) клиент көрсеткен ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөміріне тексеру қоңырауын шалу арқылы клиентке оның дербес деректерінің ұрланғаны туралы хабарлау және клиентке кредиттерді рәсімдеуге ерікті тыйым салуды белгілеу жөнінде ұсыным беру.
70. Банктің ҚР заңнамасында және (немесе) жасалған шарттарда көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

8-бөлім. Клиенттермен жұмыс тәртібі туралы ереже

71. Қағидалардың осы бөлімі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына және банктік қызметтер көрсету, ақпаратты ашу және банктік қызметтер көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін банктердің қарау қағидаларына сәйкес әзірленген Банктің клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы Ереже болып табылады.
- Банк ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен сенім білдірілген тұлғаның қатысуын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының бөлімшелерінің мүгедектігі бар адамдарға және халықтың басқа да жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімділігі жөніндегі ұлттық стандарттың талаптарын ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарға және халықтың өзге де жүріп-тұруы шектеулі топтарына банктік қызметтер көрсетілуін қамтамасыз етеді.
72. Банктік қызмет көрсетілген кезде Банк клиентті алынатын банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда Банкке, банктік омбудсменге, уәкілетті органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы хабардар етеді. Осы мақсатта клиентке Банктің, банктік омбудсменнің және уәкілетті органның орналасқан жері, пошта және электрондық мекенжайлары, сондай-ақ корпоративтік интернет-ресурстары туралы ақпарат ұсынылады.
73. Банктік қызмет алу үшін клиент Банкке өтініш береді (егер мұндай өтінішті беру Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген банктік қызметті ұсыну/көрсету тәртібіне және (немесе) рәсіміне сәйкес қажет болған жағдайда).
74. Банктік қызметтің әрбір түрі бойынша банктік қызмет көрсету туралы өтініш Банкке өтініш және құжаттардың толық пакеті ұсынылған сәттен бастап, мерзімі аспайтын мерзімдерде Банктің уәкілетті органдары/бөлімшелері (қызметкерлері) тарапынан қаралады:
- 1) банктік шотты ашу және жүргізу – 5 (бес) жұмыс күні;
 - 2) төлем карточкаларын шығару – карточканы жеткізу уақыты есепке алынбай, 7 (жеті) жұмыс күні;
 - 3) кредиттер беру:
 - шағын және орта бизнесті кредиттеу шеңберінде – 30 (отыз) жұмыс күні;
 - бөлшек кредиттеу шеңберінде – 30 (отыз) жұмыс күні;
 - корпоративтік клиенттерді кредиттеу шеңберінде – 30 (отыз) жұмыс күні.Қаржыландыру туралы өтінішті Банктің жоғары тұрған уәкілетті органы (органдары) қарауы қажет болған жағдайда, бөлшек және корпоративтік кредиттеу, оның ішінде шағын және орта бизнесті кредиттеу шеңберіндегі қаржыландыру туралы өтініштерді қарау мерзімі әрбір нақты жағдай бойынша 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.
 - 4) салымды қабылдау – 3 (үш) жұмыс күні;
 - 5) төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру – Қазақстан Республикасының заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптары сақталған жағдайда, клиент операцияны бастамалаған күні;
 - 6) кассалық операциялар – барлық қажетті құжаттар ұсынылған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні;
 - 7) банктік кепілдіктер мен аккредитивтерді шығару/авизалау – 15 (он бес) жұмыс күні.
75. Осы Қағидалардың 74-тармағында көрсетілген мерзімдерде клиенттің банктік қызмет көрсету туралы өтінішін қараудың шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттардың толық пакетін клиенттің ұсынуы болып табылады.

76. Банк өз клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары мен депозиттері бойынша, сондай-ақ сейфтік жәшіктерде сақтауда тұрған мүлікке қатысты құпиялылықты қамтамасыз етеді. Банктік құпияны құрайтын мәліметтерге өз қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты қол жеткізген Банктің лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және өзге де тұлғалар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген тұлғаларға және негіздер бойынша банктік құпияны ашу жағдайларын қоспағанда, заңда көзделген жауаптылықта болады.
77. Төлем және (немесе) ақша аударымы (оның ішінде мұндай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға әрекет жасау, сондай-ақ орындалу процесіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы) уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптары мен шектеулеріне, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес алаяқтық белгілері бар транзакция ретінде Банк тарапынан танылуы мүмкін. Транзакция алаяқтық белгілері бар операция деп танылған жағдайда Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған мерзімдер мен тәртіпке сәйкес клиенттің нұсқауын орындаудан бас тартуға және (немесе) ақша сомасын тоқтата тұруға және (немесе) бұғаттауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органның талаптарында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.
78. Шетел валютасын пайдалана отырып төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылған жағдайларда мұндай аударым операциясы клиенттің нұсқауын орындау үшін пайдаланылатын Банктің корреспонденттік шоты орналасқан тиісті шетел мемлекетінің аумағында ішінара жүзеге асырылады. Осындай жағдайда аударым операциясының тиісті бөлігі сол шетел мемлекетінің юрисдикциясына бағынады және аударым операциясын орындау барысында Банктің тапсырмасы бойынша қатысатын банк-корреспондент сол шетел мемлекетінің заңнамасының талаптарын басшылыққа ала отырып, клиенттің аударым операциясы бойынша Банктен қосымша мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы. Клиент осындай қосымша мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ банк-корреспонденттің пікірінше клиент ақшаны жылыстатумен немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты тұлға болып табылған жағдайда, банк-корреспонденттің (1) ақша аударымын аяқтаудан бас тартуға және (немесе) (2) клиенттің ақша қаражатын алып қоюға және оны клиентке өтемақы төлеместен тиісті шетел мемлекетінің бюджетіне немесе өзге де қорларға аударуға және (немесе) (3) клиентті кейіннен клиенттің кез келген операцияларын қызмет көрсетуде ұсынуға болмайтын тұлғалар ретінде банктің ішкі дерекқорына енгізуге, сондай-ақ клиентке қатысты қабылданған шаралар туралы кез келген уәкілетті мемлекеттік немесе халықаралық органдарды, сондай-ақ банктер-контрагенттерді хабардар етуге құқығы бар. Банкке төлем және (немесе) ақша аударымын кез келген тәсілмен жүргізу туралы өтініш беру арқылы (оның ішінде төлем карточкасын немесе төлем карточкасының деректемелерін пайдалана отырып, өз банктік шотын пайдалану арқылы ақша аударымын жүзеге асыру үшін төлем құжатын қолдану арқылы) клиент осы Қағидалармен таныс екенін растайды және төмендегілермен сөзсіз келісімін білдіреді:
- 1) Банкке төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізу туралы өтініш бере отырып, клиент өз атынан не уәкілетті өкіл ретінде әрекет ете отырып, клиенттің нұсқауын орындау мақсатында заңмен қорғалатын банктік құпияны (яғни Банкте бар, клиентке банктік қызмет көрсетуге байланысты ақпаратты) тиісті банк-корреспондентке ашуға Банктің құқығын береді;
 - 2) ақша аударымын аяқтау үшін банк-корреспондентке ұсыну талап етілетін, алайда Банкте жоқ мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды ұсыну туралы Банктен сұрау келіп түскен жағдайда, клиент осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды Банкті қанағаттандыратын сапада, көлемде және аталған сұрауда айқындалған мерзімдерде ұсынуға міндеттенеді;
 - 3) Банк сұратқан мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды клиент ұсынбаған жағдайда, клиент осыған байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді өзіне қабылдайды, ал Банк ақша аударымын аяқтаудың мүмкін болмауы үшін жауапты болмайды және осыған байланысты туындаған кез келген тікелей немесе жанама залалдарды (оның ішінде нақты залалды және алынбай қалған пайданы) өтемейді.

79. Клиенттердің валюталық операцияларын жүзеге асыру кезінде Банк уәкілетті банк және валюталық бақылау агенті ретінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес міндетті валюталық бақылау рәсімін Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізеді. Операцияларды жүргізу кезінде клиенттер валюталық операцияны жүргізуге байланысты құжаттар мен мәліметтерді валюталық заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген көлемде және мерзімдерде Банкке ұсынуға міндетті. Валюталық заңнаманың бұзылуы анықталған жағдайда Банк бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен валюталық бақылау органдарына хабарлауға міндетті.
80. Банктің есепке алу жүйесінде операцияларды көрсету бухгалтерлік есептің талаптарына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің және уәкілетті органның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
81. Жүргізілген операциялар бойынша құжаттаманы сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бөлім. Банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

82. Банктік қызметтер көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін Банктің қарауы, оларды тіркеу, талдау және қорытындылау Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.
83. Банк клиенттердің төмендегі өтініштерімен жұмыс жүргізеді:
- 1) қолма-қол, пошта байланысы арқылы, электрондық поштаға және Банктің www.shinhan.kz және <https://kz.shinhanglobal.com> корпоративтік интернет-ресурстарына түскен жазбаша өтініштермен;
 - 2) телефон арқылы және клиенттің Банкті тікелей келуі кезінде түскен ауызша өтініштермен.
84. Банктің уәкілетті тұлғалары Банктің кеңсесінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады. Қабылдау жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін жүргізіледі. Егер өтініш қабылдау барысында Банктің уәкілетті тұлғасымен шешіле алмайтын болса, ол клиент тарапынан жазбаша түрде баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.
85. Клиенттердің телефон арқылы түскен өтініштері тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесулерді жазып алу әңгімелесудің басында бұл туралы хабарлау арқылы және клиенттің келісімімен жүзеге асырылады. Банкке ауызша нысанда (телефон арқылы немесе клиенттің Банктің кеңсесіне тікелей келуі кезінде) түскен өтініштер дереу қаралады және мүмкіндік болған жағдайда клиенттің ауызша өтінішіне жауап бірден беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса, ол клиент тарапынан жазбаша түрде баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі. Клиент жауап алу үшін қажетті рәсімдер және мұндай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі. Банктің ақпараттандыру объектілері арқылы келіп түскен клиенттердің өтініштері Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен тіркеледі. Осы мақсаттар үшін ақпараттандыру объектілерінде клиентке шағым беруге арналған оңай танылатын функционал көзделеді. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің ішкі құжаттарына сәйкес деректемелер көрсетіле отырып, өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.
86. Банкке немесе оның жекелеген қызметкерлеріне қатысты шағымдар немесе талаптар болған жағдайда, сондай-ақ сұрақтар мен ұсыныстар болған кезде, әрі Банктің жүргізетін операциялары, операцияларды жүргізу шарттары туралы, осы Қағидаларда қамтылмаған қосымша ақпарат алу үшін клиенттер Банкке жүгінуге, Банкке телефон арқылы

хабарласуға немесе Банктің корпоративтік электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Банктің корпоративтік интернет-ресурсында хабарлама қалдыруға құқылы:

Банктің корпоративтік интернет-ресурсының мекенжайы	http://www.shinhan.kz/
Электрондық поштаның корпоративтік мекенжайы	info@shinhan.com
Телефон	(727) 356 96 00, 356 96 01, 356 96 02
Мекенжайы	ҚР, Алматы қ., 050010, А25D9D1, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 38-үй

87. Клиенттің өтінішін қарау және жауап беру мерзімі банкке өтініш келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
 Өтінішті қарау өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алуды не орынға барып тексеру жүргізуді талап еткен жағдайда, өтінішті қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.
 Өтінішті қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы Банк мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, ұзартудың себептері мен өтінішті қараудың жаңа мерзімін көрсете отырып, клиентті хабардар етеді.
88. Өтінішті қарау барысында ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Банк клиенттен қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.
89. Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, клиенттерді олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.
90. Клиентке өтінішті қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап жазбаша өтініштер бойынша мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде беріледі және клиент ұсынған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге де мәселеге Қазақстан Республикасының заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының, қаралатын мәселеге қатысы бар шарттардың тиісті талаптарына, сондай-ақ қаралатын мәселенің нақты мән-жайларына сілтеме жасай отырып негізделген және уәжделген дәлелдерді қамтиды, сондай-ақ қабылданған шешімге шағымдану құқығы түсіндіріледі.
91. Клиентке жазбаша өтінішке жауапты беру банктік қызметтер көрсету шартымен көзделген тәсілмен жүзеге асырылады.
 Жауап клиентке төмендегі тәсілдердің бірімен жіберілген жағдайда жеткізілді деп есептеледі:
- 1) банктік қызметтер көрсету шартында немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген тұрғылықты мекенжайы бойынша тапсырысты хатпен, оның тапсырылғаны туралы хабарламамен жіберілген жағдайда, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біреуі алған кезде;
 - 2) банктік қызметтер көрсету туралы шартта немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілген жағдайда;
 - 3) жауапты қамтитын мәтіндік SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы не клиентке арналған жауаптың толық мәтіні орналастырылған корпоративтік интернет-ресурсқа сілтеме жіберу арқылы;
 - 4) клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін, банктік қызметтер көрсету шартында көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы.
- Клиент Банктің кеңсесіне келген жағдайда жауап қолхат арқылы жеке өзіне (немесе оның уәкілетті өкіліне) табыс етіледі, осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауаптарды қоспағанда, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойылады.
 Жауапты адресатқа, алушыға табыстаудың мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылған жағдайда не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты жауап қайтарылған кезде, жауап тиісті түрде берілді деп есептеледі.

10-бөлім. Қорытынды ережелер

92. Банктің Директорлар кеңесі заңды және (немесе) жеке тұлғаларға және (немесе) банктер-корреспонденттерге арналған банктік операцияларды жүргізу бойынша мөлшерлемелерге және (немесе) тарифтерге (базалық және (немесе) шекті) өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекіткен жағдайда, Директорлар кеңесі соңғы күнге бекіткен мөлшерлемелер мен тарифтер қолданылады. Бұл ретте, жасалған шарттардың талаптарынан және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарынан өзгеше туындамаса, бұрынғы мөлшерлемелер мен тарифтер жаңа шарттар мен операцияларға қолданылу бөлігінде автоматты түрде күшін жояды.
93. Қолданыстағы банктік қызмет көрсету шарттарына қатысты мөлшерлемелер мен тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті шарттардың талаптарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады, оның ішінде Банк клиенттер – жеке тұлғаларды төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша тарифтердің ұлғаюы туралы оларды өзгерту болжанатын күнге дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын хабардар ету міндеттемесін қамтиды.
94. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, соның нәтижесінде осы Қағидалардың жекелеген ережелері заңнамаға қайшы келсе, мұндай ережелер заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Қағидалардың мәтініне формальды өзгерістер енгізуді талап етпей, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзгертілді деп есептеледі. Қағидалардың бір ережесінің жарамсыз болуы өзге ережелерге әсер етпейді. Жарамсыз ереже бастапқы ереженің мақсатын барынша толық көрсететін, заңды түрде жол берілетін ережемен ауыстырылуға жатады.
95. Осы Қағидалар Банктің Директорлар кеңесімен бекітіледі, 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енеді және келесі өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге не күшін жойғанға дейін қолданылады.

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да
банктік операцияларды жүргізудің
жалпы шарттары туралы қағидаларға
№1 Қосымша

**Қабылданатын депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті сомалары,
мерзімдері мен шамалары**

1. Заңды тұлғалар үшін (банктерден басқа)

1.1 Ағымдағы шоттар бойынша:		
	Минимум	Максимум
Депозиттің шекті сомалары	Шектелмеген	Шектелмеген
Депозиттің шекті мерзімдері	Шектелмеген	Шектелмеген
Валюталар бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелері:	жылдық %:	жылдық % :
а) теңге	0.0%	20.0%-ға дейін
б) шетел валютасында	0.0%	10.0%-ға дейін

1.2 Жинақ шоттары (салымдар) бойынша:				
	Минимум		Максимум	
Депозиттің шекті сомалары	Шектелмеген		Шектелмеген	
Депозиттің шекті мерзімдері	Шектелмеген		Шектелмеген	
Сыйақының шекті мөлшерлемелері:	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)
а) теңгемен	0.0%	0.0%	20.0%-ға дейін	20.0%-ға дейін
б) шетел валютасында	0.0%	0.0%	10.0%-ға дейін	10.0%-ға дейін
в) салым – қамтамасыз ету	0.0%	0.0%	а) - б)	а) - б)

* салым мерзімінің соңында сыйақы төлеу шартымен

2. Жеке тұлғалар үшін

2.1 Ағымдағы шоттар бойынша:		
	Минимум	Максимум
Депозиттің шекті сомалары	Шектелмеген	Шектелмеген
Депозиттің шекті мерзімдері	Шектелмеген	Шектелмеген
Валюталар бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелері:	жылдық %:	жылдық % :
а) теңге	0.0%	20.0%-ға дейін
б) шетел валютасында	0.0%	10.0%-ға дейін

2.2 Жинақ шоттары (салымдар) бойынша:				
	Минимум		Максимум	
Депозиттің шекті сомалары	Шектелмеген		Шектелмеген	
Депозиттің шекті мерзімдері	Шектелмеген		Шектелмеген	
Сыйақының шекті мөлшерлемелері:	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)	Сыйақының шекті мөлшерлемелері:	Номиналды (жылдық %)
а) теңгемен	0.0%	0.0%	а) теңгемен	0.0%
б) шетел валютасында	0.0%	0.0%	б) шетел валютасында	0.0%
в) салым – қамтамасыз ету	0.0%	0.0%	в) салым – қамтамасыз ету	0.0%

* Бұл ретте жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша сыйақының жоғарғы шекті мөлшерлемелерін Банк «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынымдарына сәйкес белгілейді

**Ұсынылатын кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті сомалары,
мерзімдері мен шамалары**

1. Заңды тұлғалар үшін (банктерден басқа)

	Минимум		Максимум	
Кредиттің шекті сомалары	1 000 000 теңге / 5 000 USD		Бір қарыз алушыға тәуекел бойынша лимитті ескере отырып, ҚР заңнамасында белгіленген нормативтер шегінде	
Кредиттің шекті мерзімдері	1 күн		240 ай	
Сыйақының шекті мөлшерлемелері:	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)
теңгемен базалық мөлшерлемелер	0,1%	0,1%	46.0%	46.0%
шетел валютасында базалық мөлшерлемелер	0,1%	0,1%	46.0%	46.0%
банктегі салым кепілімен кредиттеу кезінде ***	0,1%	0,1%	35.0%	35.0%
нысаналы қорландыру есебінен кредиттеу кезінде** / ***	0,1%	0,1%	46.0%	46.0%
кредитті қайта құрылымдау кезінде	0,1%	0,1%	46.0%	46.0%

* негізгі қарызды/сыйақыны өтеу мерзімі бұзылған жағдайда тұрақсыздық айыбының айыппұлдық мөлшерлемелерін есепке алмағанда

** басқа қаржы институттарынан немесе Үкіметтен, ұлттық басқарушы холдингтерден немесе мемлекеттік даму институттарынан мақсатты қаржыландыру

*** ең төменгі мөлшерлеме Банк беретін кредит бойынша қамтамасыз ету болып табылатын қаржыландыру құнына немесе мақсатты қаржыландыру жүзеге асырылатын көздің құнына Банктің маржасы ретінде көрсетіледі, шарттары Банктің уәкілетті органы бекітетін жекелеген мақсатты бағдарламаларды қоспағанда

2. Жеке тұлғалар үшін

	Минимум		Максимум	
Кредиттің шекті сомалары: 1) кепіл өнімдері 2) кепілсіз өнімдер 3) банкте орналастырылған және кредит бойынша берешекті толық көлемде жабатын депозит кепілімен берілетін кредит	10 000 теңге / 100 USD		Бір қарыз алушыға тәуекел бойынша лимитті ескере отырып, ҚР заңнамасында белгіленген нормативтер шегінде	
Кредиттің шекті мерзімдері: 1) кепіл өнімдері 2) кепілсіз өнімдер 3) банкте орналастырылған және кредит бойынша берешекті толық көлемде жабатын депозит кепілімен берілетін кредит	1 күн		240 ай	
Сыйақының шекті мөлшерлемелері:	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)	Номиналды (жылдық %)	ЖТСМ* (жылдық %)
Кепілді кредиттер	0,1%	0,1%	35.0%	35.0%
Кепілсіз кредиттер	0,1%	0,1%	46.0%	46.0%
банкте орналастырылған депозит және/немесе ақша қаражаты кепілімен кредит	0,1%	0,1%	35.0%	35.0%

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 28 қазандағы № 78 «Банктік қызметті реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысының талаптарын орындау шеңберінде банктік қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) есептеу кезінде есепке қарыз алушының негізгі қарыз және сыйақы бойынша барлық төлемдері, сондай-ақ қарыз шартын беру және оған қызмет көрсетуге тікелей немесе жанама байланысты, оның ішінде қарыз алушының үшінші тұлғалардың пайдасына жүзеге асыратын төлемдерін қоса алғанда, қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңі үшін комиссиялар мен өзге де төлемдер енгізіледі.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 бірлескен қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» қаулысының талаптарын орындау шеңберінде банктік қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі шарт жасалған күнгі жағдай бойынша, сыйақы мөлшерлемесі өзгерген кезде немесе қарызды беру және оған қызмет көрсетуге байланысты жаңа комиссиялар мен өзге де төлемдер енгізілген жағдайда белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс.

Занды тұлғалар үшін банктік операцияларды жүргізуге арналған базалық (стандартты) тарифтер мен мөлшерлемелер

No.	Көрсетілетін қызметтердің түрі	Тарифтің ең төменгі мөлшері	Тарифтің ең жоғары мөлшері	Ескертпе
I. КЛИЕНТТІҢ БАНКТІК ШОТЫ: Шоттарды ашу, жүргізу, жабу				
1.1	Ағымдағы шотты ашу (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 50 000,00	1 шот үшін
1.2	Эскроу шот ашу (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 10 000 000,00	1 шот үшін
1.2.1	Эскроу шотты жүргізу (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Шот бойынша қозғалыстардың болуына қарамастан, ай сайын
1.3	Қолданыстағы шоттар бойынша анықтамалар/хабарламалар/растамалар беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	1 анықтама / хабарлама / растау үшін
1.4	Жабық шоттар бойынша анықтамалар/хабарламалар/растамалар беру* (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	1 анықтама / хабарлама / растау үшін
1.5	Несиелік берешектің болуы/болмауы туралы анықтамалар беру* (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Қарыз бойынша берешек толығымен өтелген жағдайда, клиенттің өтініші бойынша комиссия алынбайды. Анықтама өтінішті алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде дайындалады
1.6	Анықтамаларды күнбе-күн беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	1 анықтама үшін
1.7	Шот бойынша үзінді көшірме (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір үзінді көшірме үшін

1.7.1	MT940 форматындағы шот бойынша үзінді көшірме (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әр ай үшін
1.8	Клиенттің өтініші/сұрауы бойынша банктік шоттарға қызмет көрсету аясында үзінді көшірмелерді ұсыну (қосымша) (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір үзінді көшірме үшін
1.9	Кез келген екі валюта арасындағы айырбастау (ҚҚС қоса алғанда)	0,00%	10,00%	Айырбастау сомасынан
1.10	Клиенттің бастамасы бойынша ағымдағы шотты жабу (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 50 000,00	1 шот үшін
1.11	Банктің бастамасы бойынша ағымдағы шотты жабу (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 50 000,00	1 шот үшін
1.12	Банк клиенттерінің аудиторлық фирмаларына анықтама (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 50 000,00	1 анықтама үшін
	Астана қ. уақытымен сағат 16:00-ден кейінгі операциялар	KZT 0,00	қос тариф	
II. КАССАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ				
2.1	Теңгемен (оның ішінде ҚҚС) ағымдағы шотқа аудару үшін банкноттарды қабылдау және қайта санау	0,00%	10,00%	1 операция үшін
2.2	Теңгемен қолма-қол ақша қаражатын беру* (оның ішінде ҚҚС)	0,00%	10,00%	1 операция үшін
2.3	Ағымдағы шотқа USD / EUR / RUR (оның ішінде ҚҚС) есептеу үшін банкноттарды қабылдау және қайта санау	0,00%	10,00%	1 операция үшін
2.4	Қолма-қол ақшаны USD / EUR / RUR* түрінде беру (оның ішінде ҚҚС)	0,00%	10,00%	1 операция үшін
2.5	Банкноттарды айырбастау (үлкеннен кішіге және керісінше) (оның ішінде ҚҚС)	0,00%	10,00%	1 операция үшін
2.6	Банкноттардың (оның ішінде ҚҚС) түпнұсқалығын тексеру	KZT 0,00	KZT 10 000,00	Әрбір банкнота үшін
2.7	Чек кітапшасын беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 10 000,00	1 операция үшін

2.8	Кассалық қызмет көрсету Астана қ. уақытымен сағат 16:00-ден кейін (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	қос тариф	
	Қолма-қол ақшаны беру алдын ала өтінім бойынша жүзеге асырылады			
III. АУДАРМАЛАР*				
3.1	Теңгемен кіріс аударымдары (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 20 000,00	1 аударым үшін
3.2	Теңгемен шығыс аударымдары Астана қ. уақыты бойынша сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 20 000,00	1 аударым үшін
3.3	Теңгемен шығыс аударымдары Астана қ. уақытымен сағат 13:00-ден 17:00-ге дейін (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 20 000,00	1 аударым үшін
3.4	Теңгемен жедел аударымдар (Астана қ. уақытымен 9:00-ден 17:00-ге дейін) (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 20 000,00	1 аударым үшін
3.5	USD / EUR / JPY / RUR / CNY кіріс аударымдары (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 20 000,00	1 аударым үшін
3.6	USD / EUR / JPY (SHA) шығыс аударымдары (оның ішінде ҚҚС)	0,00%	10% (мин 0 теңге, макс 1 000 000 теңге)	1 аударым үшін
3.7	USD / EUR / JPY / CNY (OUR) шығыс аударымдары (оның ішінде ҚҚС)	0,00%	10% (мин 0 теңге, макс 1 000 000 теңге)	1 аударым үшін
3.8	Шығыс аударымдары RUR (OUR) (ҚҚС қоса алғанда)	0,00%	10% (мин 0 теңге, макс 1 000 000 теңге)	1 аударым үшін
3.9	«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ клиенттері арасындағы банкішілік аударымдар (кез келген валютада) (ҚҚС қоса алғанда)	0,00%	10% (мин 0 теңге, макс 1 000 000 теңге)	1 аударым үшін
3.10	Шарттарды өзгерту, күшін жою, техникалық мүмкіндік болған жағдайда теңгелік аударымды қайтару (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Шарттардың әрбір өзгерісі / күшін жою / қайтару үшін
3.11	Шарттарды өзгерту, күшін жою, аударымды қайтару, тергеу (SWIFT) USD/EUR/JPY/ CNY/RUR егер техникалық мүмкіндік болса (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Шарттардың әрбір өзгерісі / күшін жою / қайтару үшін

3.12	Тергеулер (SWIFT және т.б.) (ҚҚС қоса алғанда)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір тергеу үшін
	Астана қ. уақытымен сағат 16:00-ден кейінгі операциялар	KZT 0,00	қос тариф	
IV. ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ				
4.1	2 жұмыс күні ішінде келісімшартқа есептік нөмір беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір шарт үшін
4.2	1 жұмыс күні ішінде келісімшартқа есептік нөмірді жедел беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір шарт үшін
4.3	Өтінішті дайындау және 2 жұмыс күні ішінде келісімшарттың есептік нөмірін беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Қызмет көрсету кезіндегі әрбір өтініш үшін (келісімшартқа есептік нөмір берілген жағдайда)
4.4	Өтінішті жедел дайындау және 1-ші жұмыс күні ішінде келісімшарттың есептік нөмірін беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Қызмет көрсету кезіндегі әрбір өтініш үшін (келісімшартқа есептік нөмір берілген жағдайда)
4.5	Есептік нөмірі бар келісімшартқа қосымша келісімдерді 2 жұмыс күні ішінде тексеру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Келісімшартқа әрбір өзгеріс және/немесе толықтыру үшін
4.6	Есептік нөмірі бар келісімшартқа қосымша келісімдерді 1 жұмыс күні ішінде тексеру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Келісімшартқа әрбір өзгеріс және/немесе толықтыру үшін
4.7	Клиенттің жазбаша сұраныстарына жауап беру (оның ішінде ҚҚС)	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір жауапқа (әрбір анықтамаға) өтініш берген кезде
4.8	Жүргізілген төлемдер (оның ішінде ҚҚС) туралы анықтаманы ресімдеу	KZT 0,00	KZT 100 000,00	Әрбір анықтама үшін
	Валюталық бақылау қызметтері үшін тариф Астана қ. уақытымен сағат 16:00-ден кейін 16:00	KZT 0,00	қос тариф	
